

## Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шенберінде тауар биржаларынан тыс көтерме саудада өткізудің шекті бағасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 487 бұйрығы.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына және 6-бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Сұйытылған мұнай газын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шенберінде тауар биржаларынан тыс көтерме саудада өткізудің 2025 жылғы 1 ақпаннан 2025 жылғы 30 маусымды қоса алған кезеңге шекті бағасы, қосылған құн салығын есепке алмағанда, бір тоннасы үшін 51 932 (елу бір мың тоғыз жүз отыз екі) теңге мөлшерінде бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 29.01.2025 № 46-н /қ (01.02. 2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1 ) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі

A. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК